



Оңтүстік Қазақстан облысының "Шымкентгаз" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін облыс әкімінің коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 20 наурыздағы N 243

Оңтүстік Қазақстан облысының "Шымкентгаз" акционерлік қоғамын тиімді басқаруды қамтамасыз ету, халықты сұйытылған газбен үздіксіз жабдықтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті "Шымкентгаз" акционерлік қоғамының оның жарғылық капиталының 100%-і мөлшеріндегі акцияларының мемлекеттік пакетін белгіленген тәртіппен Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің коммуналдық меншігіне берсін.

2. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі облыстың тұтынушыларын сұйытылған газбен үздіксіз қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі